ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылдын 25 желтоқсан іс №5501-24-00-2/4044 Павлодар қаласы

Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты төрағалық етуші судья А.А. Күлбаева оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде азаматтық істі қарап,

ТАЛАПКЕР:
Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Железин аудандық ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«NURASABR» Намазбаев Нұрәсіл Ержанұлы жеке кәсіпкер

ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАБЫ:
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2.тұрақсыздық айыбын өндіріп алу

ҚАРАР БӨЛІГІ:

ҚР АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып сот,

ШЕШТІ:

Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Железин аудандық ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны, жауапкер «NURASABR» Намазбаев Нұрәсіл Ержанұлы жеке кәсіпкерге мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсызыдық айыбын өндіріп алу туралы талап арызы - қанағаттандырылсын.

«NURASABR» Намазбаев Нұрәсіл Ержанұлы жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«NURASABR» Намазбаев Нұрәсіл Ержанұлы жеке кәсіпкерінен мемлекет кірісіне тұрақсыздық айыбын 1870 (бір мың сегіз жүз жетпіс) теңге көлемінде және мемлекеттік бажды 1902 (бір мың тоқсан жүз екі)

теңге, барлығы 3 772 (үш мың жеті жүз жетпіс екі) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге түпкілікті формада шығарылған күнінен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар оларға шешімнің көшірмелерін жіберген күннен бастап бір ай ішінде Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Павлодар облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық наразылық білдіре алады.

Судья **А.А. Күлбаева**

Құжатқа қол қойылған: Кульбаева А. А., 25.12.2024

Заңды күшіне енген күні: 06.02.2025, судья Кульбаева А. А., 06.02.2025

5501-24-3-1/4452